



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының депутаттары
Қ.Р. Балабиевке,
Е.Т. Әбдиевке

2023 жылғы 31 мамырдағы
№ DC-205 сауалға

**Құрметті Қайрат Рахымұлы,
Ерлан Тұрсынбайұлы!**

Еліміздегі мия түрлері, сасық ферула, дәрмене жусан сияқты дәрілік өсімдіктердің жай-күйіне қатысты депутаттық сауалдарының қарап, келесіні хабарлаймын.

Жалаң мия және Орал миясы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 7 наурыздағы № 77 бұйрығымен бекітілген Дәрілік өсімдіктердің тізбесіне кіреді, сондай-ақ елімізде экспортталатын негізгі дәрілік өсімдіктердің бірі болып табылады.

Сасық ферула да жоғарыда аталған тізбеге кіретін дәрілік қасиеттері бар өсімдік. Алайда соңғы бес жылда оның экспорттына лицензия берілмеген.

Қазіргі кезде «Қазақстанның Қызыл кітабына» феруланың 10 түрі енгізілген, олардың қатарында сасық ферула жоқ.

Дәрмене жусан – «Қазақстанның Қызыл кітабына» саны күрт азайып бара жатқан түр ретінде енгізілген бағалы әндемдік дәрілік өсімдік. Сондықтан оны жинауға және экспорттауға тыйым салынған.

2023 жылға дейін қолданыстағы Орман кодексімен және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» және «Жайылымдар туралы» Зандармен тек мемлекеттік орман қорында, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және ауыл шаруашылығы маңатындағы жерлерде өсімдік дүниесін қорғау, сақтау, қалпына келтіру және пайдалану мәселелері реттелген болатын.

Босалқы жер қорында ілеспе өсімдік дүниесіне байланысты дәрілік өсімдік шикізаты, көпжылдық екпелер, генетикалық және өзге де өсімдік ресурстары

мәселелерін реттеу мақсатында ағымдағы жылғы 2 қаңтарда «Өсімдіктер дүниесі туралы» Зан (бұдан әрі – Зан) қабылданған болатын.

Бұгінгі күні дәрілік өсімдіктерді қорғау, арнайы пайдалануды реттеу, сақтау мәселелері қолданыстағы заңнама шеңберінде толық реттелген.

Заңға сәйкес дәрілік өсімдіктер дүниесін пайдалану тәртіппері айқындалып, өсімдіктер дүниесін арнайы пайдаланушылар үшін қатаң белгіленген мерзімдерде және өсімдіктер дүниесіне зиян келтірмейтін тәсілдермен жүзеге асыру, олардың популяциялары мен қауымдастықтарының, сондай-ақ өсетін жерлерінің сақталуын қамтамасыз ету талаптары қарастырылған.

Сонымен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарға өсімдіктер дүниесінің жекелеген түрлерін пайдалану лимиттерін бекіту құзыretі берілді.

Бұл ретте өсімдіктер дүниесін фармацевтикалық, азық-тұліктік және техникалық мұқтаждар үшін пайдалану аккредиттеген мамандандырылған үйымдар жүргізетін ресурстық зерттеп-қараулар материалдарының негізінде жергілікті атқарушы органдар бекіткен лимиттер шегінде жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде мамандандырылған үйымдар уәкілетті органнан аккредиттеуден өту сатысында.

Аккредиттеуден өткеннен кейін осы үйымдардың зерттеп-қарау материалдарына сәйкес өсімдіктердің жекелеген түрлерін жинауға шектеу қою, экспортқа тыйым салу, көбейтуге бағытталған іс-шаралар үйымдастыру мәселелеріне қатысты «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК мамандарымен бірлесіп, қажетті шаралар қабылданатын болады.

P. Склар

Д. Тілеуов, 745501